

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 1беті

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Пәні: «Физиология негіздері»

Пән коды: FN -1204

БББ атауы: 6В10111 «Қоғамдық денсаулық»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі – 90 сағат / 3 кредит

Курс – 1, Семестр – 1

Тәжірибелік сабақтар: 25 сағат

Шымкент, 2023 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 2беті

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік ұсыныстар 6В10111 «Қоғамдық денсаулық» БББ бойынша «Физиология негіздері» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 1 «01» 09 2023ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., профессор м.а. Танабаев Б.Д.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 3беті

№1 сабақ

1. Тақырыбы: Қозғыш тіндер физиологиясы. Қозғыштық көрсеткіштері.Бұлшықеттердің физиологиялық қасиеттері.

2. Мақсаты: қозғыш тіндердің негізгі түрлерімен танысу, түсініктерді: қозғыштық, козу, тітіркендіру табалдырығы және функционалдық лабильділікті түсінуі.

3. Оқыту мақсаты: бақаның жүйке-бұлшықет препаратын дайындау, электростимулятормен және электромиографпен жұмыс істеуді үйрену, қозғыш тіндердің зерттеу әдістерін меңгеру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1.Қозғыштық тіндер,тітіркендіру,козу,қозғыштық туралы түсінік.
2. Тыныштық биопотенциалы кезінде өтетін мембраналық және иондық механизм үрдістері.Биопотенциалдарды тіркеу әдістері.
- 3.Әрекет потенциалы мен оның фазалары және иондық үрдістері.
4. Қозудың әрекет потенциалы кезіндегі өзгерісі.Рефрактерлік пен экзальтация сипаттамалары.
- 5.Биологиялық мембрананың негізгі физиологиялық жағдайы
6. Биопотенциал кезіндегі натрий, калий, хлор концентрациясы градиентінің мәні.
7. Қозғыш тіндерді зерттеу әдістері
- 8.Тыныштық потенциалы.
- 9.Әрекет потенциалы.
10. Козу үрдісінің әртүрлі кезеңдеріндегі қозудың өзгеруі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

Лабораториялық жұмыс №1.

Жүйке-ет препаратын жасау әдісі.

Құрал-жабдықтар: препарат жасайтын жиынтық, салқынқандыларға арналған Рингер ерітіндісі, дәке, эфир. Жұмыс бақамен жүргізіледі.

Жұмысты орындау. Қимылы тоқтатылған бақаны сол қолымен артқы сирақтарынан ұстап тік тұрғызса, оның белі мен сегізкөзі арасындағы буыны бүгіледі. Осы буыннан 1,5-2,0 см жоғары жерден бақа денесін көлденең кесіп, ішкі мүшелерімен бірге алып тастайды. Сол қолымен бақаны жотасынан ұстап тұрып, оның терісін сүлгі арқылы сыдырып алып тастайды да, препаратты кері аударып жіберіп, құйымшақтан тіліп жібереді. Содан кейін бақаны шатынан екі айырып үлкен қайшымен оның жотасын бойлай қақ ортасынан тіледі де, екі сирағын екі жаққа тартып қақ айырады. Екі сирақтың екеуінен де жүйке – ет препаратын жасауға болады. Ол үш шонданай жүйкесінің астын ала кіші қайшның ұшын өткізіп жібереді де, жүйке шығатын жерде аздаған омыртқа кесіндісін сау қалдырады, қалғанын кесіп алып тастайды. Шонданай жүйкесін ұршық буынға дейін абайлап рей отырып, айналадағы басқа өрімдерден тазартады. Екі қолдың бас бармақтарымен санның артқы жағында орналасқан жартылай жарғақ және қос басты еттердің арасын ашып сол жерде жатқан шонданай жүйкесін тауып алады. Омыртқа қалдыған іскекпен көтеріп тұрып, жүйке тұсына дейін босатады. Ол үш жүйке діңімен жалғасқан жүйке талшықтарын кіші қайшымен абайлап отайды. Жүйкенің өзін тілмей бүтін күйінде тізеден сәл жоғары жерден тіліп жібереді де сан еттерін сүйегімен бірге кесіп тастайды. Ахил сіңірінің астына қайшы ұшын өткізеді де, балтыр етін жілігімен бірге ажыратып алады.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	044-42/11	
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»	64 беттің 4беті	

Содан соң сіңірін тіліп жіберіп тізесінен төменгі асық жілікті кесіп алып тастайды. Мұның нәтижесінде жүйке-ет препараты дайын болады.

Оның құрамы: балтыр еті, тізе буыны және омыртқа бөлігімен жалғасқан шонданай жүйкесі. Тізе буыны препаратты миографқа бекіту үшін қалдырады. Препарат кеуіп кетпеу үшін оған физиологиялық ерітінді тамызып отыру керек. Содан кейін оны миографқа бекітеді.

Тізе буынының қабынан миографтың үстіңгі қармағына іледі де, ахил тарамысын жазғыштың ілгегіне бекітеді.

Шонданай жүйкесіне жалғасқан омыртқа кесіндісін миографқа бекітілген тығын кесіндісінің үстіне салады.

Жұмыс нәтижесін көрсету.

Лабораториялық жұмыс №2.

Графикалық әдістердің тіркеуін сиппаттау.

Тіркеуге арналған электродтар тітіркендіргіш электродтардан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Олардың параметрлері зерттеу мақсатына тәуелді, конструкциясы, электрлік үрдістерді тіркеуге арналған (электромиографтардың, электроэнцефалографтардың, электрокардиограф-тардың) т.б. сәйкес приборлардың сипаттамасында түсіндіріледі.


Электрлік емес өлшемдерді тіркеу үшін арнайы өлшегіш құралдарды (датчик) қолданылады. Арнайы өлшегіш құрал (датчик) деп өлшегіш немесе бақылайтын өлшемін сигналға айналдыратын аспапты айтамыз. Арнайы өлшегіш құрал (датчик) классикалық вариантта механикалық ығысуларды тіркеу үшін (қаңқа және бұлшықеттер жиырылуы, тамырлардағы қан тербелісі көкірек қуысының қозғалысы т.б.) қажет. Бұл приборлар ішінде негізгі құралдарға механикалық тегершік (рычаг) тікелей зерттелуші объектпен жалғастырылған. Миограф, Энгельман тегершікшесі немесе пневмокамера (капсула Маррея) арқылы тікелей емес жалғастырылған. Бұл түрдегі арнайы құрал тегірішікшесімен жазғыш аспабы бар және кимограф барабанында (сур. 1.) жазуды жүзеге асырады.

Сурет 1. Бақа жүрегінің жиырылуын графикалық тіркеуге арналған құрылғы.

а — кимограф; б — Энгельман тегірішікшесі

в — уақыт белгілейтін электромагниттік аспаб

Лабораториялық жұмыс №3.



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 5беті

Гальванидің бірінші тәжірибесі(металлмен)

Жұмыстың мақсаты: Гальванидің I тәжірибесін бақылау. Қажетті құрал-жабдықтар: құрал-саймандар, бақа, Гальвани «балкончигі»

Жұмысты орындау. Жұлынды бақаны көкірек омыртқаларын төменгі жағынан бойлай кеседі де, сүлгімен қалған бөлігін ұстап тұрып, артқы сирағының терісін сыдырып алып тастайды. Бұл препарат «тірі реоскоп» деп аталады. Гальвани «балкончигінің» қорғасын пластинкасын шондай жүйкесінің астына өткізіп алады да, бақаны сирақтарынан іледі. Темір пластинка етіне тиген кезде бақа сирақтарының еттері жиырылады.

Жұмыс нәтижесін көрсету.

I.Тәжірибенің схемасын дәптеріңізге салыңыз. Бұлшық еттердің жиырылу себебін түсіндіріп, қорытынды шығарыңыз.

Лабораториялық жұмыс №4. Гальванидің екінші тәжірибесі (металлсыз жиырылу)

Жұмыстың мақсаты: Қозғыш өрімдерде токтың бар-жоғын дәлелдеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: құрал-саймандар, бақа, зат, әйнегі, физиологиялық ерітінді.

Жұмысты орындау. Жүйке ет препаратын дайындайды. Бақа сирағын тізеден төмен қалдырса да болады.

Сирақ етін ахил тарамысына тақау жерінен көлденеңінен кеседі де, препаратты зат әйнегіне орналастырады. Жүйкені шыны қармақпен көтеріп тұрады да, жүйкені шыны қармақпен сирақ етінің үстіне тастайды. Сонда жүйкенің еттің зақымданған жеріне, ел екінші жартысы сау жеріне келіп түседі. Жүйке тиісімен сирақ ет тырысып жиырылады, еттің сау және зақымданған жерлерінің арасында созу потенциалы пайда болады.

Лабораториялық жұмыс №5.

Маттеучидің екінші тәжірибесі.

Жұмыстың мақсаты. Жолық ет қозған кезде қозу потенциалы пайда болатынын көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар: құрал-саймандар, бақа, екі дана зат болатынын көрсету.

Жұмысты орындау. Екі бірдей жүйке-ет препаратын дайындайды да, олардың әр қайсысын жеке-жеке құрғақ зат әйнектеріне салады. Екінші препараттағы жүйкені бірінші препараттағы еттің үстіне салып, бірінші препараттағы жүйкені электр тогымен тітіркендірсе, екінші препараттағы ет жиырылады; бірінші жүйке-ет препараты қозған кезде пайда болатын электр тоғы екінші препараттағы жүйкені де қоздырады.

Жұмыстың нәтижесін көрсету. Тәжірибенің схемасын жасап еттің қандай себептен жиырылғанын түсіндіріңіз.

6. Бағалау әдістері: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептерді шешуін бағалау.

7.Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

8. Бақылау

Тесттер

1. Қозғыш ұлпаларға ... жатады.

- a) жүйке,бұлшық ет, без
- b) жүйке, шеміршек, дәнекер
- c) бұлшық ет, эпителий, глиальды
- d) без,сүйек, коллагенді талшықтар,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 6беті

- е) сіңірлі,бұлшық ет, сүйек
2. Жылықандылардың жүйке, бұлшық ет, синапсының лабильділігі:
жүйке бұлшық ет синапс
- а)1000 300 100 имп/сек.
b) 500 300 50 имп/сек.
c) 600 200 1000 имп/сек.
d)400 100 70 имп/сек.
e) 1000 100 200 имп/сек.
3. Ұлпаның аккомодациясы ... дамиды.
- а)қандай да болмасын күші бар тітіркендіргіштің күшінің баяу жоғарлауында
b) тітіркендіргіштің күшінің баяу жоғарлауы және ұзақ әсері
c) табалдырықтан жоғары күші бар тітіркендіргіштің күшінің ырғақты әсері
d)синусоидты тоқ кезінде электр тогының тік бұрышты әсері
e)тік бұрышты электр тогының күшті әсерінен
4. . Мембраналық потенциал ... түзіледі.
- а) Na және K иондарына мембрана өткізгіштігінің бірдей болмауынан
b) мембрананың өткізгіштігі болмауынан
c) Cl және Mg иондарының өткізгіштігінен
d) мембрананың Ca және Na иондарына өткізгіштігінен
e) мембрананың Cl және Ca иондарына өткізгіштігінен
- 5.Егер бұлшықет жасушасында натрий концентрациясы жоғарыласа, мембраналық потенциал
- а) шекаралық мөлшерге дейін тым төмендейді
b) жойылуға дейін төмендейді
c) өзгеріссіз
d) шекаралық мөлшерге дейін тым жоғарылайды
e) фазалық өзгерістер
- 6.Егер бұлшықет жасушасында калий концентрациясы жоғарыласа, мембраналық потенциал
- а) жойылуға дейін төмендейді
b) өзгермейді
c)шекаралық мөлшерге дейін тым жоғарылайды
d) фазалық өзгерістер байқалып, төмендейді
e) жылдам ауытқулары байқалады
- 7.Мембрананың деполяризациясы..... әсерінен болады
- а) ацетилхолин,адреналин
b)гамма-аминомай қышқылы,глицин
c)жарық,адреналин
d)атропин,ацетилхолин
e)холинэстераза,серотонин
- 8.Қозғыш тіндердің биопотенциалын..... тіркейді.
- а)гальванометр,осциллографпен
b)реограф,сфигмографпен
c) пневмограф, миографпен
d) пульсотахометр, импульсатормен
e) тонометр, манометрмен

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 7беті

9. Қозудың деполяризация кезеңіне.... сәйкес келеді.

- a) Абсолюттік рефрактерлік
- b) Біріншілік салыстырмалы рефрактерлік
- c) Екіншілік салыстырмалы рефрактерлік
- d) Шамалы жоғарылау
- e) экзальтация

10. Қозудың реполяризация кезеңіне.... сәйкес келеді.

- a) Абсолюттік рефрактерлік
- b) Біріншілік салыстырмалы рефрактерлік
- c) Екіншілік салыстырмалы рефрактерлік
- d) Шамалы жоғарылау
- e) экзальтация

11. Қозудың гиперполяризация кезеңіне.... сәйкес келеді.

- a) Абсолюттік рефрактерлік
- b) Біріншілік салыстырмалы рефрактерлік
- c) Екіншілік салыстырмалы рефрактерлік
- d) Шамалы жоғарылау
- e) экзальтация

№ 2 сабақ

1.Тақырыбы: Нейрон, жүйке талшықтары, синапстар. ОЖЖ жалпы физиологиясы. ОЖЖ зерттеу әдістері. ОЖЖ рефлекторлық қызметі.

2. Мақсаты: түрлі жүйке талшықтарының физиологиялық қасиеттері және құрылысын оқып үйрену.

3. Оқыту мақсаты:

- қозудың жүйке талшықтарынан өту механизімі
- миелінді және миелінсіз жүйке талшықтар құрылысын сүреттеу


4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Нейрондардың морфофункционалды жіктелуі және құрылысы.
2. Миелінсіз жүйке талшығының қасиеттері және құрылысы.
3. Миелінді жүйке талшығының қасиеттері және құрылысы.
4. Жүйке талшықтары арқылы қозудың өту механизімі.
5. Жүйке талшықтары (афференттік және эфференттік)
6. Жүйке сезімтал қозғыштық және вегетативтік
7. Аралас жүйке бойымен қозудың өту ерекшеліктері.
8. Парабиоз. Парабиоздың фазалары.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

№ 1. Зертханалық жұмыс

Нейронның құрылысы және қасиеттері



Нейрон және оның құрам бөліктері . А- нерв жасуша, аксон, бұлшық ет. Б – нерв талшығының құрылысы.

№ 2. Зертханалық жұмыс

Жүйке бойымен қозу өткізгіштігін тежеу.

Жұмыстың мазмұны: Жүйке ет препаратын дайындап оны миографқа тіркейді. Шонданай жүйкенің талшықтарын ары айқын көрінетіндей етіп биполярлы тітіркендіргіш электродтарымен препаратты стол үстіне орналастырады. Кілтті «жүйке»-ге бағыттап қою керек. Токтың субмаксималды өлшемін алып бұлшықеттің жиырылуын микрографтың қозғалғыш лентасына жазып алу. Фильтр қағазын немесе мақта тампонын спирт немесе новакаинның ертіндісіне батырып тітіркендіргіш электродтармен бұлшық ет арасындағы жүйке бөлігіне қоямыз. 1 минут интервалымен жүйкенің тітіркендіруін қайталайды. Жиырылу қанша уақыттан кейін тоқтайтынын белгілейді. Соңынан мақта тампонын алып Рингер ертіндісімен жүйкені жуады. 5 минуттан кейін жүйкені тітіркендіруін қайталап және кимограф лентасына нәтижесін жазып алады. Тәжірибенің соңында бұлшықет және тітіркендіретін электродтар арасындағы жүйкеге тығыз лигатураны орналастырады. Тітіркендіріп және нәтижені жазып алады. Алынған кимограмманы эталонмен салыстырады.

Хаттаманы безендіру. 1. Тәжірибенің барысын жазып алу және алынған кимограмманы жабыстырып және белгілерін қойып шығу. 2. Фармакологиялық заттарды қолданғанда қозу өтуді тежеудің шығу тегін түсіндіру.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 9беті

№ 3. Зертханалық жұмыс

Парабиоз көріністері. Парабиоз көріністеріне кезеңдік сипаттама

Н.Е Введенский зерттеуінше, кейбір заттармен (эфир, хлороформ, кокаин, тұз ертінділері т.б.) ұзақ уақыт тітіркендірсе жүйкенің лабильдігі (бейімделу дәрежесі) төмендейді, яғни тітіркендірілген учаскеде жүйкенің қимыл-қасиеті функциясы едәуір баяулайды. Бұл құбылыс «парабиоз» деп аталады да, ол өмір мен өлім аралығы (өліара) деп танылады.

Парабиоз үш кезеңнен тұрады. Бұл кезеңдерде тітіркендру жиілігі мен күші және оған берілетін жауап реакциясы араларындағы әдеттегі қалыпты жағдай өзгереді.

1 кезең-теңестіру кезеңінде-тітіркендіру күші әр түрлі болғанымен ет жиырылуының амплитудасы (биіктігі) бірдей болады.

2 кезең-парадокс кезеңінде-күшті тітіркенісіне жауап ретінде жолақ ет жиырылуы әлсіз, ал әлсіз тітіркенсіне жауап-ет жиырылуы күшті болады.

3 кезең-тежелу кезеңінде тітіркеніс қаншама болса да, ет жауап қайтармайды.

Жұмыстың мақсаты: Парабиоз кезеңдерінің (дымқыл) дамуын байқау.

Қасиетті құрал-жабдықтар: бақа миограф, кимограф, электродтар,. Электр тітіркендіргіш, түрлі құрал-саймандар, мақта кокаин, эзерин, 3%-тік KCl ертіндісіне немесе эзеринге, кокаинге малынған мақтамен орап тастайды.

Жиілігі үш түрлі токпен әсер ете отырып, парабиоздың кезеңдерінің дамуын қалайды. Толық парабиоз пайда болысымен мақтаны алып тастайды да жүйкенің физиологиялық ертіндімен шайып жібереді. Содан кейін жиілігі үш түрлі токпен әсер ете отырып, парабиоз кезеңдерінің кері дамуын және жүйке қозғыштығының әдеттегі күйіне келуін байқауға болады.

Жұмыс нәтижесін көрсету. Тәжірибе жасап парабиоз құбылысын байқаңыздар. Жиілігі әр түрлі токпен тітіркендірілген кезде етте тетаникалық жиырылу пайда болатынын көріп, жазып алыңыздар, парабиоз кезеңдерін бақылаңыздар. Тәжірибе схемасын сызып, сызықтарды дәптеріңізге салыңыздар.

6.Бағалау әдісі: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептерді шешуін бағалау.

7.Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер

1.Жүйке жүйесінің адекватты тітіркендіргіштеріне әсер ететін факторлар:

- a) электрлік, медиаторлық
- b)электрлік, осмостық
- c) термиялық, химиялық
- d) осмостық, электрлік
- e) магниттік

2. Лабильдігі жоғары,.....үшін рефрактерлігі төмен

- a)жүйке талшықтары
- b)жүйке орталығы
- c)синапс
- d)сүйек бұлшықеттері
- e)бірыңғай салалы бұлшықеттер

3. Миелинсіз жүйке талшықтарында қозу үрдісі ... өтеді.

- a) талшықтың мембранасында

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		
		
SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 10беті

b) аксоплазмада

c) миелинді қабығында

d) нейрон денесінде

e) Ранвье үзілісінде

4. Миелинді талшықтарда қозғыштық таралады... .

a) Ранвье үзілістерінде

b) аксоплазмада

c) миелинді қабықшада

d) нейрон денесінде

e) мембрана талшықтарында

5. Парабиоз ... әсерсіздендіруімен шартталған.

| a) натрийлік арналардың

| b) калийлік арналардың

| c) АТФ

| d) АДФ

| e) кальцийлік арналардың

6. Парабиоздың теңестіру кезеңі:

| a) тітіркену күшіне тәуелсіз бірдей мәні бар тіннің немесе жасушаның жауаптары

| b) әлсіз импульстер күшті жауапқа алып келеді және керісінше

| c) тін немесе жасуша қандай да бір ынталандыруға жауап бермейді

| d) соңғы кезең

| e) екінші кезең

7. Парабиоздың парадоксальды кезеңі:

| a) әлсіз импульстер күшті жауапқа алып келеді және керісінше

| b) тітіркену күшіне тәуелсіз бірдей мәні бар тіннің немесе жасушаның жауаптары

| c) тін немесе жасуша қандай да бір ынталандыруға жауап бермейді

| d) соңғы кезең

| e) екінші кезең

8. Парабиоздың тежелу кезеңі:

| a) тін немесе жасуша қандай да бір ынталандыруға жауап бермейді

| b) тітіркену күшіне тәуелсіз бірдей мәні бар тіннің немесе жасушаның жауаптары

| c) әлсіз импульстер күшті жауапқа алып келеді және керісінше

| d) соңғы кезең

| e) екінші кезең

9. Парабиоздың биологиялық маңызы:

| a) ұйқы кезінде дамиды

| b) ас қорыту кезінде дамиды

| c) жүрек қызметі

| d) иммундық жауап

| e) зақымдалған жасушаларды қалпына келтіреді

10. Парабиоздың медициналық маңызы:

| a) жергілікті анестезиялық әсердің негізі

| b) антибактериальды терапия негізі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	044-42/11	
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 11беті

- | с)термореттеу негізі
- | d)антипиретиктердің әсерінің негізі
- | е)антибиотиктердің әсерін күшейтеді

№3 сабақ

1.Тақырыбы: ОЖЖ жеке физиологиясы.

2.Мақсаты: ОЖЖ негізгі рефлексстік қызметімен танысу.

3.Оқыту мақсаты:

- Рефлекторлық доғаның құрылысын меңгеру, рефлекторлық доғаның талдауын өткізу, адамның негізгі жұлын рефлексстерін зерттеуді үйрену

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары


1. ОЖЖ және перифериялық жүйкесінің жалпы түсінігі
2. ОЖЖ-ң жалпы сипаттамасы
3. Рефлекс түсінігі
4. Рефлекс жіктелуі
5. Рефлексстердің уақыты
6. Рефлексстік доғаның құрлымы
7. Рефлекторлық доғалардың түрлері
8. Рефлексстің рецептивтік алаңы туралы түсінік
9. Гематоэнцефалогиялық тосқауыл жайында көзқарас

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

№1 Зертханалық жұмыс

Рефлекс. Рефлекторлық доғаның талдау.

Схема рефлекторной дуги соматического рефлекса



- .1 — бұлшық ет; 2 — сезімтал рецепторлар; 3 — афферентік талшық;
4 — жұлынмийлы түйінің афферентік нейроні; 5 — жұлындағы аралық нейрон; 6 — жұлындағы аралық эфферентік нейрон; 7 — эфферентік қозғалтқыш талшық; 8 — жүйке-бұлшық ет синапсі. Қозудың таралу бағыты стрелкамен көрсетілген.
Рефлекторлық доға рефлексстің негізгі құрылымы болып табылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 12беті

№ 2 Зертханалық жұмыс

Жұлынды бақада рефлекс уақытын анықтау (Тюрк әдісімен)

Қажетті құрал-жабдықтар: құрал-саймандар, қысқышты штатив, күкірт қышқылының 0,1, 0,3, 0,5%-тік ерітінділері, су, секундомер, бақа.

Жұмысты орындау. Жұлынды бақаны иегінен штативке іліп қойып, оның артқы аяқтарын күкірт қышқылының 0,1%-тік ерітіндісіне малынған уақыттан бастап рефлектік жауап қайтарғанға дейін қанша уақыт кеткенін белгілеп алу қажет. Бақаның аяқтарын сумен шайып жіберіп, қышқылдан тазартады, күкірт қышқылының 0,3 және 0,5%-тік ерітінділерін пайдалана отырып, жоғарыда аталған тәжірибе бірнеше рет қайталанады. 3 рет қайталанып тәжірибе нәтижелері тиісті жолмен есептеледі де, орташа рефлекс уақыты табылады. Оларды салыстыра отырып, қорытынды шығарылады.

Жұмыс нәтижесін көрсету.

1. Күкірт қышқылының 0,1, 0,3, 0,5%-тік ерітінділері арқылы табылған
2. рефлекс уақытын дәптерге жазып, қорытынды шығару керек.

Зертханалық жұмыс №3.

Адамның соматикалық жұлынмилық рефлекстері.

Жұлында саны өте көп рефлекторлы доғалар тоғысады, олардың көмегімен организмнің соматикалық және вегетативті қызметтері бірдей реттеліп отырады. Сіңірлік рефлекстер және созылу рефлекстері қарапайым рефлекторлы реакциялардың қатарына жатады, бір бұлшықеттің рецепторларын тітіркендірумен шақырылатын созылуы, рефлекторлы түрде қысқаруды дамытады.

Рефлектің атауы	Қолданылатын тітіркендіру	Рефлекторлы реакциялардың сипаты	Рефлекске қатысатын нейрондардың локализациясы
Сіңірлік проприоцептивті рефлекстері:			
Шынтақ	м. biceps brachii сіңірі бойымен балғамен ұру (қол шынтақ буынында жеңіл бүгілген)	м. biceps brachii қысқаруы және қолдың бүгілуі.	Жұлынның V-VI бел сегменттері
Тізелік	Тізе қақпақшасынан төмен м. quadriceps сіңірі бойымен балғамен ұру.	м. quadriceps қысқару және тізенің бүгілуі	II-IV бел сегменттері
ахилл	Ахилл сіңірі бойымен ұру	табанның бүгілуі	I – II сегізкөз сегменттері
	Терінің штрихті		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 13беті

Құрсақ рефлекстері:	тітіркенуі	құрсақ бұлшықеттері нің сәйкес бөлімдерінің жиырылуы	
жоғарғы	төменгі қабырғалармен параллель		VIII – IX кеуде сегменттері.
ортаңғы	кіндік дейінде (горизонталды)		IX – X кеуде сегменттері.
төменгі	шап сызығына параллель		XI – XII кеуде сегменттері.
Табан рефлексі	табанның штрихті әлсіз тітіркенуі табанның штрихті күшті тітіркенуі	Саусақтар мен табанның бүгілуі	I –II сегізкөз сегменттері.

Орталық жүйке жүйесі мен жұлынның функционалды жағдайын бағалау үшін адамның соматикалық жұлын милық рефлекстері үлкен диагностикалық маңызға ие.

6. Бағалау әдісі: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептерді шешуін бағалау.

7.Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер

1. Рефлекстің морфологиялық негізі болып ... табылады.

- рефлекторлы доға
- жүйке талшықтары
- жүйке бағанасы
- нейрон
- нейроглия

2. Рефлекторлы доғаға ... кіреді.

- рецептор, сезгіш нейрон, орталық, мотонейрон, қызмет ететін мүше
- орталыққа ұмтылғыш нейрон, орталық, қызмет ететін мүше
- сезгіш нейрон, рецептор, орталық, синапс
- жүйке орталығы, мотонейрондар, синапс
- рецептор, орталықтан тебетін нейрон, синапс, қызмет ететін мүше

3. Организмдегі ұлпаларға ОЖЖ-сі ... әсерлерді тигізеді.

- функционалды, коректену, тамыр қозғалтқыш
- функциональді, тежеуші, субординациялық
- коректену, реттеуші, жиынтықталу
- тамыр қозғалтатын, функционалды, гуморальды
- жүйкелік, гуморальды, коректену

4.Жәй рефлекторлық доға афференттік, қосалқы және эфференттік

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 14беті

доғалардан тұрады.Афференттік жүйке талшығы келесі синонимдерден құралуы мүмкін

- a) сезгіштік, орталыққа ұмтылғыш
- b) қозғалтқыш, орталықтан шығатын
- c) қозғалтқыш, сезгіштік
- d) висцеральды, сезгіштік
- e) висцеральды, қозғалтқыш

5.Жәй рефлекторлық доға афференттік, қосалқы және эфференттік

доғалардан тұрады.Эфференттік жүйке талшығы келесі синонимдерден құралуы мүмкін

- a) сезгіштік, орталыққа ұмтылғыш
- b) қозғалтқыш, орталықтан шығатын
- c) қозғалтқыш, сезгіштік
- d) висцеральды, сезгіштік
- e) висцеральды, қозғалтқыш

6.Тізе рефлексті қамтамасыз ететін нейрондар ... орналасады.

- a) жұлынның сегізкөз бөлімінде
- b) II-IV бел сегменттерінде
- c) жұлынның кеуде сегметтерінде
- d) X-XII кеуде сегменттерінде
- e) жұлынның мойын сегменттерінде

7.Жүйке орталықтарында қозудың жиынтығы ынталандырудың ұзақтығымен (уақытша жинақтау) және тітіркенуге ұшыраған рецепторлардың санының көбеюімен байланысты болуы мүмкін. Жиынтықтың бұл түрі ... деп аталады.

- | кеңістік
- | мақсаттық
- | хаостық
- | жылдам
- | теріс

8. Жұлынның қозғалтқыш жолдары-бұл:

- a) жұлынды-қыртысты, таламикалық, церебеллярлы, проприорецептивті жол.
- b) вестибуло, тектожұлынды, жұлынды-қыртысты, таламикалық жол.
- c) қыртысты-, рубро-, вестибуложұлынды, жұлынды-қыртысты, таламикалық жол.
- d) қыртысты-, рубро-, вестибуло-, ретикуложұлынды жол.
- e)церебеллярлы, жұлынды-таламикалық, ретикуложұлынды, қыртысты жол.

9.Белла-Мажанди заңы бойынша,жұлынның өсінділері

- a)артқы-сезгіштік,алдыңғы-қозғалтқыш
- b) артқы және алдыңғы-сезгіштік
- c) алдыңғы-сезгіштік, бүйірлік-қозғалтқыш
- d) артқы және алдыңғы- қозғалтқыш
- e) артқы- қозғалтқыш, алдыңғы-сезгіштік

10.Зәр шығарудың рефлекторлық орталығы орналасқан.

- a)жұлынның сегізкөз бөлімінде
- b)сопақша мида
- c)жұлынның бел бөлімінде
- d) жұлынның құйымшақ бөлімінде
- e) таламуста

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 15беті

№4 сабақ

1. Тақырыбы: Автономды жүйке жүйесінің физиологиясы.

2. Мақсаты: Вегетативтік жүйке жүйесінің симпатикалық, парасимпатикалық және метасимпатикалық бөлімдерінің физиологиясын меңгеру, вегетативтік түйіспелердегі қабылдағыштар ингибиторлар және блокаторларға түсінік беру.

3. Оқыту мақсаты:

- Вегетативтік жүйке жүйесінің рефлекторлық доғасының сызбасын сызу.
- сызбадан орталық бөлімін көрсете алу.
- сызбадан преганглионарлы талшықтарды көрсете алу.
- ганглилерді көрсете алу.
- постганглионарлы талшықтарды сызбадан көрсете алу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақары:

1. Автономды жүйке жүйесінің физиологиясы
2. Вегетативті рефлекстің рефлекторлы доғасының сызбасы
3. Симпатикалық жүйке жүйесінің орталықтық және шеткі бөлімдері туралы түсінік.
4. Парасимпатикалық жүйке жүйесінің орталықтық және шеткі бөлімдері туралы түсінік.
5. ВЖЖ метасимпатикалық бөлімінің құрылысы.
6. Вегетативтік және соматикалық жүйке жүйесі бөлімдерінің бірігуі:
7. Вегетативтік жүйкелендірудің маңызы;
8. Жүйкелендірілген ағзаның жағдайына қарай вегетативтік жүйкені тітіркендіруге тәуелділігі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

Лабораториялық жұмыс №1.

Көз-жүрек рефлексі (Ашнер рефлексі)

Алдымен зерттелетін адамның тамыры минутына неше рет соққанын санап, жазып алады. Содан кейін бір қолдың екі саусағымен көз алмаларын біртіндеп 10-30сек. Бойы түбіне қарай итермелеп басады да екінші қолмен білезілік тамырын басып, оның минутына неше рет соққанын санайды. Осы уақыттың ішінде жүрек соғуы 8-10 есе азаюға тиіс. Көз алмасын басуды тоқтатқаннан кейін тамыр соғуын әрбір 30 секунд сайын 3-4 рет санап отыру қажет.

Жұмыс нәтижесін жазып алу:

Көз алмаларын басар алдында басқаннан кейін тамырдың минутына. Көз алмаларын басар алдында басқаннан кейін тамырдың минутына неше рет соққанын санап жазып алыңыз. Алынған деректерді салыстыра отырып, қорытынды шығарыңыздар.

Лабораториялық жұмыс №2.

Тыныс ырғағының бұзылу белгілері (Геринг рефлексі)

Жұмысты мазмұны: Зерттелетін адамның тамыры минутына неше рет соққанын санап алады да, оған өтініш жасап бірнеше рет қатты /терең/ дем алдырады. Осы бастапқы кезде алынған нәтижемен сол адамның тамыры минутына неше рет соққанын салыстырады. Тамыр соғысы көбінесе біраз баяулауға тиіс. Вегетативтік жүйке жүйесіне ақау түскен адамдарда тамыр соғысы жиілеп кетуі ықтимал.

Жұмыс нәтижесін көрсету. Жоғарыда аталған тәжірибелерді олардың нәтижелерін дәптерге жазып алады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 16беті

Лабораториялық жұмыс №3.

Қонырауға адамның шартты вегетативті Қарашық рефлексінің жасалуы және жоғалуы.

Құрал – жабдықтар: қонырау, кара, тығыз қағаз.

Жұмыс барысы: жұмысқа топтың барлық студенттері бірдей қатысады. Студенттердің бір тобы – зерттелушілер, екіншісі – экспериментаторлар. Экспериментаторлар көздің қарашығын жарыққа қонырауды қосқанда тексереді. Сонымен вегетативті қарашық рефлексін қонырауға қосуға кіріседі. Қонырауды қосарда тексеру барысында көзді қатты қағазбен жауып қояды. Қонырауды өшіргенде көздің ашқаның тексереді. Экспериментаторлар жайлап қарашықтың жарыққа жиырылуын тексереді. Егер қонырауды 10 рет қараңғылықта жарияласа, онда 11 рет. Тек қонырауды қосқанда көленкесіз шартты рефлекторлық көздің көздің қарашығын шақырады. Шартты вегетативті көздің қарашығын рефлекстарың зайырлау қоздырушымен – қараңғылаумен тоқтатылады. Әр түрлі зерттеулі – шартты вегетативті көз қарашығын рефлекс қонырауы арқылы шартты қоздырғышының әр сонының оңаша әрекетімен сөнеді. Шартты рефлексінің әлсіреуінің жылдамдығы ішкі тежеудің үдерісінің күшімен анықталады.

Жұмыстың жасалуы: Шыққан қорытындыны мына кестеге енгізіңіз.

Тітіркендіргіштің реттік көмірі	Қонырау-тітіркендіргіш	Шартсыз тітіркендіргіш	Шартсыз жауап	Шартты жауап
1.	+	-		
2.	+	+		
.				
.				
.				
10.	+	+		
11.	+	+		
12.	+	-		
13.	+	-		
14.	+	-		
15.	+	-		

Қоздырғыштың ұйқасын қай сан тіркесінен кейін - қонырауға шартсыз зайырлы нығаюдың, шартты вегетативті көз қарашығының рефлексі, сонымен қатар оның сөну шартын белгілеңіз.

6. Бағалау әдісі: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептерді шешуін бағалау.

7.Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер:

1. Симпатикалық жүйке жүйесін тітіркендірсе:

- жүрек жиырылуының жиілігі және күші жоғарылайды
- асқазан қызметінің моторлық және секреторлық қызметін күшейтеді
- жүрек жиырылуының жиілігі және күшін төмендетеді.
- сілекей бездері және тіл тамырларын кеңітеді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 17беті

- е) көз қарашығын тарылтады
- 2. Симпатикалық жүйке жүйесінің орталығы ... орналасқан
 - а) жұлынның торако-люмбальді бөлімінде
 - б) сопақша мида
 - с) жұлынның кеуде бөлімінде
 - д) көпірде және мишықта
 - е) ортаңғы мида
- 3. Жүйке жүйесі парасимпатикалық бөлімінің тонусы жоғарыласа көз қарашығы
 - а) тарылады
 - б) кеңейеді
 - с) кеңейеді, содан кейін тарылады
 - д) өзгермейді
 - е) тарылады, содан кейін кеңейеді
- 4. Жүйке жүйесі симпатикалық бөлімінің тонусы жоғарыласа көз қарашығы
 - а) кішірейеді
 - б) ұлғаяды
 - с) тарылады, содан кейін кеңейеді
 - д) өзгермейді
 - е) кеңейеді содан кейін тарылады
- 5. ... жүйке талшықтарын тітіркендірсе тамырларды тарылтады
 - а) симпатикалық және адренэргиялық
 - б) симпатикалық және холинэргиялық
 - с) парасимпатикалық және холинэргиялық
 - д) парасимпатикалық және серотонэргиялық
 - е) соматикалық және холинэргиялық
- 6. Кезбе жүйкесінің перифериялық бөлімін тітіркендірсе:
 - а) жүректің жұмысы баяулайды, АҚ жоғарылайды
 - б) жүректің жұмысы жиілейді, АҚ төмендейді
 - с) жүректің жұмысы баяулайды, АҚ төмендейді
 - д) жүректің жұмысы жиілейді, АҚ жоғарылайды
 - е) жүрек жұмысы және қан қысымы өзгермейді
- 7. Қыша қағазын қойғанда тамырлардың жергілікті кеңуі ... жүзеге асады
 - а) Бейнбридж рефлексімен
 - б) аксон рефлексімен
 - с) аорталық рефлекспен
 - д) Цион-Людвиг рефлексімен
 - е) Парин рефлексімен
- 8. Парасимпатикалық жүйкелерді тітіркендіргенде сілекей бездерінің секрециясы ...
 - а) көбейеді
 - б) азаяды
 - с) өзгермейді
 - д) көбейеді, сонан кейін азаяды
 - е) азаяды, сонан кейін көбейеді
- 9. ... ішкі ағзалардың тамырлары кеңейеді
 - а) симпатикалық жүйке тонусын жоғарылатса, белсенді түрде
 - б) парасимпатикалық жүйке тонусын жоғарылатса, белсенді түрде

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 18беті

- c) парасимпатикалық жүйке тонусын төмендетсе, енжар түрде
- d) соматикалық жүйке тонусын жоғарылатса, белсенді түрде
- 10. Тыныстың рефлексорлық реттелуі ... импульстердің түсуімен жүзеге асырылады
- a) альвеоланың механорецепторлары, проприорецепторлардан
- b) тамырлардың механорецепторлары және проприорецепторлардан
- c) мұрын кілегей қабаты рецепторлары және қаңқа бұлшықет проприорецепторларынан
- d) сопақша ми хеморецепторлар және ішкі ағзалар интерорецепторларынан
- e) қаңқа бұлшықеттердің проприорецепторларынан.

№ 5 сабақ

Тақырыбы: **Эндокринді бездердің сипаттамасы.**

2. Мақсаты ішкі сөлденіс бездер гормондарының ағзаға, тінге және жасушаларға әсер ету механизмін, химиялық табиғатын және олардың зат алмасудағы маңызын үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

- эндокринология туралы негізгі түсінікті меңгеру;
- гормондардың жіктелуін, негізгі гормондардың түзілуін меңгеру;
- зат алмасудың әртүрлі тізбегіне гормондардың әсерін түсіндіру;
- гормонның құрамын анықтау бойынша қан және несептің биохимиялық және иммунологиялық талдауы нәтижелерін бағалай алу;


4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Гуморальдық факторларының реттелуінің жалпы сипаттамасы.
2. Бүйрек, жүрек, өкпе, бұлшықеттер және терінің эндокриндік қызметі.
3. Эндокриндік жүйенің функционалды-құрылымдық тізбегі.
4. Гормондардың тізбегі.
5. Гормондардың әсер ету механизмі;
6. Эндокринді бездердің транс және пара-гипофизарлық реттелуі;
7. ИСБ-нің жүйке жүйесімен байланысы;
8. ИСБ-нің үйрену әдістері;
9. Эндокриндік жүйенің өзіндік және жергілікті реттелуі;
10. Гипоталамо – гипофизарлық жүйе. Гипоталамустың нейросекрециясы: либериндер және статиндер;

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

Лабораториялық жұмыс №1.

Ішкі сөлініс бездерінің топографиясы және гормондары



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 20беті

6. Бағалау әдісі: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдайлық есептерді шешуін бағалау.

7.Әдебиет қосымша № 1

8. Бақылау

Тесттер:

1. Қалқанша маңы бездерінің гормонына ... жатады.

- a) паратгормон
- b) тирокальцитонин
- c) инсулин
- d) глюкагон
- e) альдестерон

2. Паратгормонның қанға бөлінуі ... тудырады.

- a) кальцийдің жоғарылауын
- b) кальций төмендеуін
- c) амин қышқылдарының жоғарылауын
- d) амин қышқылдарының төмендеуін
- e) фосфордың жоғарылауын

3. Менструалды циклды бақылайтын гормондарға ... жатады.

- a) ФСГ, эстрогендер, ЛСГ, прогестрон
- b) меланотропин, андрогендер, ЛСГ, прогестрон
- c) СТГ, ФСГ, прогестрон, эстроген
- d) ФСГ, глюкагон, СТГ, паратгормон
- e) ФСГ, инсулин, прогестрон

4. Инсулин

- a) гипогликемия тудырады, клеткалармен глюкозана пайдалануын жоғарлатады, гликогеннің бауырда, бұлшықетте глюкозадан синтезін тудырады
- b) жасуша мембранасында глюкоза өткізгіштігін жоғарлатады, гипергликемия тудырады, бауыр жасушаларында гликогенолиз тудырады, гликогеногенезді тежейді
- c) амин қышқылдары мен глюкоза өтуін төмендетеді, глюкоза гликогенге айналуын тежейді, гипергликемия тудырады
- d) гликогенезді күшейтеді, глюкоза тотығуын күшейтеді, кетондық денелердің түзілуін азайтады
- e) ақуыздардың катаболизмін азайтады, гипергликемия тудырады, глюкоза мен амин қышқылдарына жасуша мембранасының өткізгіштігін жоғарлатады

5. Ас қорыту жүйенің гормондарына ... жатады.

- a) вилликинин, бомбезин, секретин, мотилин
- b) гастрин, секретин, АКТГ, ФСГ
- c) вилликинин, бомбезин, тироксин, мелатонин
- d) АКТГ, бомбезин, ФСГ, секретин
- e) мотилин, адреналин, тироксин, гастрин

6. Әйелдердің жыныстық гормондарына... жатады.

- a) эстрон, эстрол, эстрадиол
- b) паратгормон, серотонин, тирокальцитонин
- c) серотонин, экстриол, брадикинин
- d) тироксин, экстрон, тестотерон
- e) тестотерон, тироксин, серотонин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 21беті

7. Бүйрек үсті бездерінің қыртыс қабатын алып тастағанда ... байқалады.

- a) су-тұз алмасуының бұзылуы
- b) ақуыз алмасуының бұзылуы
- c) май алмасудың бұзылуы
- d) көмірсулар алмасуының бұзылуы
- e) витаминдер алмасуының бұзылуы

8. Тироксиннің әсерімен қордағы май мөлшері

- a) азаяды
- b) өзгермейді
- c) көбейеді
- d) көбейеді, соңынан азаяды
- e) азаяды, соңынан көбейеді

9. Микседема байқалады ...гипофункциясында.

- a) қалқанша бездің
- b) бүйрек үсті бездерінің
- c) ұйқы безінің
- d) жыныс бездерінің
- e) нейрогипофиздың

10. Бүйрек үсті безі миль қабатының гормондары.

- a) тропты гормондар
- b) глюкокортикоидтар
- c) минералокортикоидтар
- d) адреналин, норадреналин
- e) релизинг-фактор

№6 сабақ

1. Тақырыбы: Қан физиологиясы. ЭТЖ. Гемолиз. Қан топтары. Резус-фактор.

2. Мақсаты: Қанның құрамын, қызметін және негізгі тұрақты көрсеткіштерін үйрету, ағзаның функционалдық жағдайын дұрыс бағалау.

3. Оқыту мақсаты:

- саусақтан қан алу техникасын меңгеру;
- қандағы гемоглобин (Нб) мөлшерін калориметр әдісімен анықтауды меңгеру;
- қанның негізгі клинико-гематологиялық зерттеу әдісін меңгеруі;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ағзаның сұйық ортасының жалпы сипаттамасы. Жасуша ішілік және жасушадан тыс сұйықтықтар;
2. Қанның осмостық қысымы және қышқылды-сілтілі ортасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін функционалдық жүйелері.
3. Қанның негізгі қызметтері;
4. Қан қоймасы (депо крови), көлемі және маңызы;
5. Плазма және оның құрамы.
6. Қан плазмасының белоктары, олардың мөлшері мен маңызы;
7. Қанның пішінді элементтері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер.
8. Эритроциттердің өмірлік циклі (эритропоэз)
9. Гемолиздің түрлері.
10. Эритроциттің тұну жылдамдығы.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		044-42/11
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар «Физиология негіздері»		64 беттің 22беті

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тақырыптың негізгі сұрақтарын талқылау, тәжірибелік жұмысты орындау, тесттік тапсырмаларды орындау, жағдайлық есептерді шешу.

Лабораториялық жұмыс №1.

Саусақтан қан алу әдісі

Жұмысқа қажетті заттар: резеңке түтік жалғап ұзартылған таза /стерилденген/ қыл түтіктер, бір-ақ рет қолданылатын скарификаторлар, спиртке малынған мақта тампон, жай тампондар, йод.


Жұмысты мазмұны: Адамнан қан алу үшін оның саусақ терісін скарификатормен теседі. Скарификатор қаламның ұшы тәрізді ұшталған темір пластинкадан тұрады. Қан алынатын жер операциялық нүкте ретінде қаралып, бұған қажет заттар асептика, антисептика талаптарына сәйкес микробтардан тазартылады. Бұл үшін бірнеше скарификатор арнайы ыдыс стерилизаторларда 30 минут бойы суға қайнатылады немесе оларды 180° ыстықта тұрған құрғақ стерилизаторға 2 сағатқа салып қояды. Алдымен қан алушы адам екі қолын сабындап жуады да саусақтарын спиртке малынған тампонмен сүртіп, салалсыздандырады. Содан кейінгі зерттелетін адамның бір саусағын /адетте атсыз саусағын/ спиртке малынған тампонмен сүртіп жібереді де, құрғатқаннан кейін скарификатормен тесіп қан алуға кіріседі. Скарификатор саусақ ұшының терісіне 2-3мл тереңдікке бойлауға тиіс. Тесіктен қан сорғалап еркін ағуы керек. Қанның алғашқы тамшысын сүртіп алып тастайды. Зерттелетін қанды арнайы түтікше шыны капиллярдың белгілеп қойған көрсеткішінің тұсына дейін жеткізу керек. Қан алып блған соң тесік жараға йод жағады да, спиртке мақта тампонымен жауып тастайды.

Лабораториялық жұмыс №2.

Қандағы гемоглобин (НЬ) мөлшерін колориметр әдісімен анықтау

Жұмысқа қажетті заттар: 1 жұмысқа қажетті заттар, сонымен қатар Сали гемометрі.

